

САН ЕСІМ, САН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Сагиндикова Захра Сайдулла қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2- курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Анарбекова Гулжан Азизбековна

АННОТАЦИЯ

Мақалада сан есімнің қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы кең грамматикалық категория екендігі, сан есімнің түрлері, сан есімнің сөйлемдегі қызметі туралы мәліметтер ұсынылады.

***Кілт сөздер:** категория, негізгі сан есім, туынды сан есім, дара сан есім, күрделі сан есім, түрлері, сөйлемдегі қызметі.*

ANNOTATION

The article presents information about the fact that the number is the most complex and broad grammatical category among the word classes in the Kazakh language, the types of the number, and the function of the number in the sentence.

***Key words:** category, main noun, derivative noun, singular noun, complex noun, types, function in a sentence.*

Сан есім – заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Сан есім жеке айтылғанда абстракт сандық ұғымдардың атауы болғандықтан, нақты мағналары басқа сөздермен қарым – қатнасқа түсу кезінде, оларды сан жағынан анықтау барысында айқындалады. Сан есім өзі анықтайтын сөздің

алдынан келіп, атау тұлғасында тұрады заттанғанда көптеледі, жіктеледі, тәуелденеді, септеледі.

Сан есімнің сұрақтары: қанша? неше? нешеу? нешінші?.

Сан есім құрамына қарай екіге бөлінеді: дара сан есім, күрделі сан есім.

Дара сан есім – бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есімдер. Мысалы: бір, ондаған, жүз, алпыс, қырық, жүздеп, мыңдаған, алтау, екі.

Күрделі сан есім – екі немесе одан да көп түбірдің тіркесуінен жасалады. Мысалы: алпыс үш, тоғыз бүтін алтыдан үш, жетпіс тоғыз.

Сан есім мағынасына қарай алты түрге бөлінеді:

Есептік сан есім – заттың нақты санын, есебін білдіреді. Сұрағы қанша? неше?. Есептік сан есім басқа сан есімнің басқа түрлерін жасауға негіз болады.

Реттік сан есім – заттың саналу ретін білдіріп, нешінші? деген сұраққа жауап береді. Есептік сан есімге жұрнақтар жалғану арқылы реттік сан есім жасалады: -ыншы, -інші, -ншы, -нші, тоғызыншы, үшінші, алтыншы.

Жинақтық сан есім – заттың жинақталған санын көрсетеді, нешеу? деген сұраққа жауап береді. Жинақтық сан есім бірден жетіге дейінгі сан есімге -ау, -еу жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу.

Болжалдық сан есім – заттың санын дәл білдірмей, шамамен болжап көрсетеді, қанша? неше? қай шамалы? қаншадан? деген сұраққа жауап береді. Мысалы: сағат алтыларға, жасы қырықтарда, алпыстап.

Топтау сан есім – заттың санын топтап көрсетеді де, нешеден? қаншадан? Сұрақтарға жауап береді. Мысалы: бес-бестен, екеу-екеуден, жиырма-жиырмадан, бес-алтыдан.

Бөлшектік сан есім – заттың бөлшектік санын білдіреді. Мысалы: оннан бес, тоғыздан үш, үштің бірі, он алтыдан, жеті бүтін төрт ондық.

Сан есімнің сөйлемдегі қызметі анықтауыш. Мысалы: сегіз қызым бір төбе, Кенжекейім – бір төбе. Сегіз (қанша?) қызым. Сан есім ілік септікте

заттанып тұрып анықтауыш болады. Қазақ ұғымында жетінің өзіндік орны бар. Жетінің (нешенің?).

Сан есім жіктеліп немесе көмекші етістіктермен тіркесіп келіп баяндауыш болады. Мысалы: келген адамдар алтау екен. Алтау екен (нешеу екен?) .

Сан есім атау тұлғада тұрып, бастауыш болады. Мысалы: төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Жетеуіде өнерлі екен (кім өнерлі?).

Сан есімдер етістіктің алдына келіп, пысықтауыш болады. Мысалы: тоғызда басталады (қашан басталады?), бес-бестен бөліну керек (қалай бөліну керек?), алтыдан топтадық (қалай топтадық).

Сан есім барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерін меңгерсе, толықтауыш болады. Мысалы: тоғызға (неге?), сегізді (нені?), қосу оннан (неден?), бесті алу (нені?), он үшпен есептеледі (немен?).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» 1974 жыл
2. У. Байкабилов «Қазақ әдеби тілі" Ташкент 2023 жыл
3. Ш. Бектуров «Қазақ тілі» Алматы 2003 жыл.